Е.Ш. Ақымбек
М.С. Шағырбаев
Н.Б. Нұрғали
Р.Қ. Абир

https://doi.org/10.52967/3007-6528.2023.1.253.259

Ералы Шардарбекұлы Ақымбек[1], eraly_a@mail.ru,
Мамбет Сапарбекұлы Шағырбаев[1], mambet__87@mail.ru,
Несіпбай Бекболатұлы Нұрғали[1], nesipbay.nurgali01@mail.ru,
Расул Қуатұлы Абир[1], ar.920531@mail.ru
[1]Ә.Х. Марғұлан атындағы Археология институты,
Алматы қ., Қазақстан;

2022 ж. Талас өңіріндегі ортағасырлық төрткүлдерге жүргізілген далалық зерттеулер*

Мақалада 2022 ж. Ә.Х. Марғұлан атындағы Археология институтының Оңтүстік Қазақстан кешенді археологиялық экспедициясы Талас отрядының (жетекшісі: Е.Ш. Ақымбек) Талас өңіріндегі ортағасырлық төрткүлдерге жүргізген далалық зерттеулерінің алдын ала қорытындылары беріледі. Өңірдегі 19 төрткүлге далалық зерттеу жұмыстары жүргізілді. Олар: Төрткүлтөбе, Кіші Аса-1, Өрнек төрткүлдеріне қазба жұмыстары, Құсақ, Ақарық, Қапал, Жұма төрткүлдерінің сыртқы (қорғаныс) қабырғаларына траншея (кесік) жұмыстары, Наурызбас, Шайдана-2, Аса, Кіші Аса-2, Саза, Құмсуат төрткүлдеріне шурф жұмыстары, Алмалы, Қарасаз, Шайқорық, Шайдана-1, Шоқай, Үлкен төрткүлдеріне барлау жұмыстары жүргізілді. Қазба жүргізілген төрткүлдердің басым бөлігі X–XII ғғ. аралығына жататындығы белгілі болды.

Түйін сөздер: Талас өңірі, орта ғасыр, төрткүл, қазба, траншея, шурф

Ералы Шардарбекулы Акымбек[1],
Мамбет Сапарбекович Шагирбаев[1],
Несипбай Бекболатулы Нургали[1],
Расул Куатулы Абир[1]
[1]Институт археологии им. А.Х. Маргулана,
Алматы, Казахстан

Полевые исследования средневековых торткулей в Таласской долине в 2022 году

В статье подводятся предварительные итоги полевых исследований средневековых торткулей Таласской долины Южно-Казахстанской комплексной археологической экспедиции (руководитель: Е.Ш. Акымбек) Института археологии им. А.Х. Маргулана в 2022 г. В регионе были проведены полевые исследования 19 торткулей. Это – раскопы на торткулях Торткультобе, Киши Аса-1, Орнек, траншейные (разрезные) работы на наружных (оборонительных) стенах торткулей Кусак, Акарык, Капал, Жума, шурф на торткулях Наурызбас,

© 2023 ж. Ақымбек Е.Ш., Шағырбаев М.С., Нұрғали Н.Б., Абир Р.Қ.
**Жұмыс ҚР ҒЖБМ Ғылым комитетінің 2021–2023 жж. гранттық қаржыландыру аясында орындалды, жобаның ЖТН AP09260358*

Шайдана-2, Аса, Киши Аса-2, Саза, Кумсуат, разведочные работы на торткулях Алмалы, Карасаз, Шайкорык, Шайдана-1, Шокай, Улькен. Большинство торткулей, на которых проведены раскопки, датируются X–XII вв.

Ключевые слова: Таласская долина, Средневековье, торткуль, раскопки, траншея, шурф

Yeraly Akymbek[1],
Mambet Shagirbayev[1],
Nessipbay Nurgali[1],
Rasul Abir[1]
[1]Margulan Institute of Archaeology,
Almaty, Kazakhstan

Field studies of medieval tortkul sites in the Talas valley in 2022

The article summarizes the preliminary results of field research of medieval tortkul types Medieval sites of the Talas Valley by the South Kazakhstan Complex Archaeological Expedition (head: E.Sh. Akymbek) of the Margulan Institute of Archaeology in 2022 field studies of 19 tortkuli were conducted in the region. These are excavations at the Tortkultobe, Kishi Asa-1, Ornek tortkuls, trench (split) dug work on the outer (defensive) walls of the Kusak, Akaryk, Kapal, Zhuma tortkuls, the pit at the Nauryzbas, Shaidana-2, Asa, Kishi Asa-2, Saza, Kumsuat tortkuli, exploration work at the tortkul sites of Almaly, Karasaz, Shaikoryk, Shaidana-1, Shokai, Ulken. Most of the tortkuls on which excavations were carried out date back to the X–XII centuries.

Keywords: Talas valley, Middle Ages, tortkul, excavations, trench, pit

Талас өңірі ежелгі және орта ғасырлардағы отырықшы-егіншілік мәдениет дамыған аймақтардың біріне жатады. Оны өңірде кездесетін ежелгі дәуірден кейінгі орта ғасырларға дейінгі қоныстық ескерткіштер дәлелдейді. Тіпті осы күнге дейін кейбір ескерткіштер аумағында өмір тоқтамай ауылдар орналасып, тіршілік қайнап жатыр. Бұл ежелгі дәуірдің өзінде-ақ адамдардың жанға жайлы, суы мол, тіршілікке қолайлы жерлерді өздерінің тұрақтарына айналдырғанын білдіреді.

Өңірдегі қоныстық ескерткіштердің ерекше бір түріне төрткүлдерді жатқызуға болады. 2021 ж. өңірдегі ортағасырлық төрткүлдерді зерттеу арнайы тақырып ретінде қарастырылып, далалық зерттеу жұмыстары жүргізілген болса [Ақымбек және т.б. 2022: 255–261], 2022 ж. ол жалғасын тапты.

2022 ж. Ә.Х. Марғұлан атындағы Археология институтының ОҚҚАЭ-ның Талас археологиялық отряды (жетекшісі: Е.Ш. Ақымбек) Талас өңірінде, нақтырақ айтсақ, Талас және Аса өзендері мен шағын өзендердің бойында орналасқан ортағасырлық төрткүлдерге далалық қазба жұмыстарын жүргізді.


2022 ж. далалық зерттеу жұмыстары 19 ескерткіште орындалды. Зерттеу бірнеше бағытта атқарылды: барлау-іздестіру, көлемді қазба, траншея, шурф жұмыстары. Үш төрткүлге қазба, төртеуіне шағын траншея, алтауына шағын шурф, алты төрткүлге барлау жұмыстары жүргізілді. Төрт ескерткіш барлау-іздестіру жұмыстары кезінде жаңадан анықталды (1-сур.).

Төрткүлтөбе, Кіші Аса-1, Өрнек төрткүлдеріне қазба жұмыстары, Құсақ, Ақарық, Қапал, Жұма төрткүлдерінің сыртқы (қорғаныс) қабырғаларына траншея (кесік) жұмыстары, Наурызбас, Шайдана-2, Аса, Кіші Аса-2, Саза, Құмсуат төрткүлдеріне шурф жұмыстары, Алмалы, Қарасаз, Шайқорық, Шайдана-1, Шоқай, Үлкен төрткүлдеріне барлау жұмыстары жүргізілді.

Қазба жұмыстары Төрткүлтөбе, Кіші Аса-1 және Өрнек төрткүлдеріне жүргізілді.

Төрткүлтөбе Жамбыл облысы Байзақ ауданы Дихан ауылының оңтүстігінде 1,3 км жерде, Сарыкемер – Дихан тас жолының оң жағында 0,5 км қашықтықта, Талас өзенінің сол жағалауында орналасқан. Географиялық координаттары С 43°05’30.22”; Ш 71°34’46.17”. Ескерткіш жоспары бойынша шаршылы келген, қабырғалары сәл ауытқып дүниенің төрт тарабына қарағаң. Көлемі 160×160 м, жал болып жатқан, жайылып кеткен қабырғаларының етегінен есептегенде ені 15–20 м аралығында ауытқиды, биіктігі сыртынан есептегенде 3 м-ге дейін, ішінен есептегенде 1,5–2 м аралығында, сыртынан оңтүстік жағынан басқа бөлігінен айнала сайдың (ордың) ізі білінеді. Бұрыштарындағы мұнара іздері біршама анықтау, ал қабырға бойынан мұнара іздері әлсіз байқалады.

Ескерткішті 2010 жылы «Археологическая экспертиза» ЖСШ Ескерткіштер жинағы экспедициясы зерттеп, құрал арқылы жоспарын, суретін



1-сур. 2022 жылы далалық зерттеу жұмыстары жүргізілген төрткүлдердің картасы
Fig. 1. A map of the tortkuls where field research was conducted in 2022
Рис. 1. Карта тортулей, где проведились полевые исследования 2022 г.

түсіріп, өлшемдерін алып, сипаттамасын беріп, географиялық координаттарын алады [Ақылбек, Құдабаев, 2010: 93].

Ескерткіштің материалдық мәдениеті мен өмір сүрген уақытын анықтау мақсатында ішкі бөлігіне зерттеу жүргізілді. Қазба шағын келген, оңтүстік қабырға ортасындағы қақпадан кіргенде сол жағында тұрған, аумағы 15 м, биіктігі 0,5 м болатын төбешікке салынды. Алғашында төбешіктің ортасынан шығыстан батыс бағытында ұзындығы 11 м, ені 1 м траншеялы қазба салынды. Қазбаның орта тұсынан 0,5 м тереңдіктен қатты саз қалдықтары анықтала бастағандықтан, көлемі 6,8×6 м-ге кеңейтіліп, шамамен қазба аумағы 50 м^2 жетті. Қазба 0,7–1,3 м-ге дейін тереңдетіліп, нәтижесінде қатты нығыздалған саздан тұратын түсініксіз құрылыс қалдықтары анықталды (2-сур.). Құрылыс қалдықтары қазбаның барлық бөлігінен тапталған саз күйінде шыққанымен, орта жағы биіктеу келген. Пақсадан тұратын құрылысқа ұқсағанымен, кей жерлерінен кірпіштің пішіндері аңғарылады. Дегенмен, құрылыс қатты тапталған, себебі беті бірнеше қатпарланып кеткен. Олай болса, құрылыс – астыңғы құрылыс кезеңіне жатып, одан кейінгі уақытта мұнда құрылыс түспегенімен, ескерткіш аумағы пайдаланылған. Оның үстіне, қазба жүргізілген жер қақпаның алдына тура келеді. Мұны табылған қыш материалдардан да көруге болады. Қазбаның үстіңгі жағынан ортағасырлық керамикалар шықса, төменгі жағынан ежелгі дәуірдің керамикалары анықталды.

Қазба жұмыстары барысында археологиялық материалдар: жануарлардың сүйектері мен керамика сынықтары анықталды.

Кіші Аса-1 төрткүлі Жамбыл облысы Жамбыл ауданы Шоқай (Октябрь-Жеміс) ауылының оңтүстік-шығысында 0,7 км жерде, Кіші Аса өзенінің сол жағасындағы жарқабақтың үстінде, Бірлесу-Еңбек – Қарабастау бағытындағы тас жолдың оң жағында 0,2 км қашықтықта орналасқан. Географиялық координаттары С 43°01’20.20”; Ш 71°03’50.20”. Ескерткіш жоспары бойынша шаршы келген, қабырғалары дүниенің төрт тарабына қарағаң. Көлемі 90×90 м, айнала қоршаған қабырғалары жал болып жатыр. Бұрыштары мен қабырғаларының ортасынан мұнара іздері анық байқалады. Мұнара іздері қабырға сызығынан сыртқа қарай дөңгеленіп



2-сур. Төрткөлтөбе төрткүлі. Қазба. Оңтүстік-шығыстан көрінісі
Fig. 2. Tortkoltobe Tortkul. The excavation trench. View from the southeast
Рис. 2. Торткуль Торткольтобе. Раскоп. Вид с юго-востока

шыққан. Қабырғаларының ортасындағы мұнара іздері ішке қарай да шығып тұр. Қабырғаларының ені 15 м-ге, ал мұнаралар орналасқан тұстарында 24 м-ге дейін барады, биіктіктері 2–3 м.

Төрткүлдің шығыс қабырғасы толығымен жойылған. Топырағын Кіші Аса өзеніне тоған салу кезінде пайдаланғанға ұқсайды.

Ескерткіштің қай жылы анықталғанын айту қиын. Дегенмен, 1939 ж. КСРО ҒА Қазақ бөлімшесі мен Материалдық мәдениет тарихы институты (А.Н. Бернштам) ашып зерттеген ескерткішке зерттеліп отырған төрткүлдің сипаттамасы келеді. Ескерткіш 1982 ж. Жамбыл облысының тарих және мәдениет ескерткіштер жинағында «Бекініс» деп беріліп, VII–IX ғғ. мерзімделген [Алипчеев, Байбосынов 1982: 59]. 1982 ж. жинақта 97, 2002 ж. жинақта № 243 [Байбосынов 2002: 164] нөмірлі санмен берілген. Бірақ, ескерткіш Қаратау мен Тараз қалаларының аралығындағы автожолдан 100 м жерде деп берілгенімен, нақты қай жерде орналасқандығы түсініксіз. 2002 ж. жинақта сипатталып отырған төрткүлден басқа ескерткіштің жоспары берілген.

Төрткүлдің қабырғалары биік және қабырғажалының үстінен, яғни жотасынан керішке ұқсас тастардың тізбегі байқалады. Тастардың қандай мақсатта қойылғандығын анықтау, мұнараларының диаметрін және қабырғаларының қалыңдығын білу үшін батыс қабырғасының ортасына, мұнара орналасқан тұсқа қазба салынды. Алдымен, мұнараның диаметрін анықтау бойынша шығыстан батысқа қарай ұзындығы 21 м, ені 1 м траншея салынды. Нәтижесінде шым қабатының астынан қабырға, ал мұнараның үстінгі жағынан белгілі ретпен қойылған тастар шықты. Қазбаның екі жағынан шайылған құрылыстың астынан пақсадан тұрғызылған мұнараның түбі анықталды (3-сур.). Қабырғаның екі жағынан да құланды қабырғалар шықты. Қазба бойынша осы мұнараның диаметрі 14,5 м баратыны анықталды, сақталған биіктігі 3 м. Мұнараның биік бөлігінен шыққан тастардың қойылу ретіне байланысты қазба кеңейтілді. Қазба 7 м диаметрде салынып, барлық тастардың контуры шыққанша тазаланды. Бетінен көрініп жатқан тастар 0,3–0,4 м тереңдікке дейін кездесті. Тазалау

барысында тастан қаланған диаметрі 6 м болатын қатар тас төсендісі шықты. Тастар әртүрлі көлемде. Қара, қою сұр түсті керіш тастардан төселген.

Қазба барысында археологиялық материалдар алынды.

Өрнек төрткүлі Жамбыл ауданы Өрнек ауылының оңтүстік-батысында 2,4 км, Құмсуат ауылының шығысында 0,7 км жерде, Аса өзенінің оң жағасында 0,8 км қашықтықта құмдауытты жерде, сай болып жатқан ескі арнаның жағасында орналасқан. Айналасына қалың бұта өскен. Географиялық координаттары: С 43°03’59.43”; Ш 70°51’05.20”. Ескерткіш жоспары бойынша шаршылы пішінде келген. Қабырғалары сәл ауытқып дүниенің төрт бағытына қараған. Айнала қоршаған қабырғалары жал болып жатқан төрткүлдің көлемі 75×75 м. Бұрыштары мен қабырғаларының ортасынан байқалатын мұнаралардың орны ерекшеленіп көрініп жатыр. Дөңгеленіп сыртқа қарай шығып жатқан мұнараларының диаметрі 20 м-ге дейін барса, қабырғаларының қалыңдығы 15 м-ге дейін барады. Қабырғаларының биіктігі 2–3 м, томпайып шығып тұрған мұнаралары қабырғасынан 0,5 м биік жатыр.

Төрткүлдің ішкі құрылысын мен сыртқы қабырғасын анықтау мақсатында биіктеу келген оңтүстік-батыс бұрышына таман қазба жұмыстары жүргізілді. Сыртқы қабырғаға таман көлемі 6,5×3 м болатын қазба 0,4 м тереңдетілгенде құрылыс қалдықтары анықтала бастап, ол 0,8–1 м тереңдіктен толығымен ашылды (4-сур.). Ашылған шағын бөлмелерден тұратын құрылыс сыртқы қорғаныс қабырғаларына қарама-қарсы тұрғызылған. Қабырғаларының қалыңдығы 0,5–0,7 м, сақталған биіктіктері 0,3–0,4 м. Қабырғалары ?×20×8–9; 30×15×? см болатын қам кірпіштерден салынған.



3-сур. Кіші Аса-1 төрткүлі. Қазба. Әуеден түсірілген көрінісі
Fig. 3. Kishi Asa-1 Tortkul. The excavation trench. View from above
Рис. 3. Торткуль Киши Аса-1. Раскоп. Вид сверху



4-сур. Өрнек төрткүлі. Қазба. Батыстан түсірілген көрінісі
Fig. 4. Ornek Torkul. The excavation trench. View from the west
Рис. 4. Торкуль Орнек. Раскоп. Вид с запада

Біршама бөлігі ашылған бөлменің көлемі 4×1,5 м, ортасын жіңішке келген қабырға бөліп тұр.

Қазба барысында археологиялық, остеологиялық материалдар жинастырылып алынды.

Төрткүлдердің көптеген басқа да қоныстық ескерткіштерден бір ерекшелігі – қабырғаларының қалың әрі биік келуі. Сондықтан бүгінгі күнге дейін биік жал болып жатыр. Қабырғаларының қандай материалдардан салынғандығын және өлшемдерін анықтау мақсатында Құсақ, Қапал, Жұма төрткүлдерінің сыртқы (қорғаныс) қабырғаларына траншея (кесік) жұмыстары жүргізілді. Нәтижесінде барлық төрткүлдердің қабырғалары пақсадан салынғандығы белгілі болды. Құсақ төрткүлінің қабырғасының қалыңдығы 7 м, екі қабырғадан тұратын Қапал төрткүлінің сыртқы қабырғасының қалыңдығы 6 м, ішкі қабырғасының қалыңдығы 5 м, Жұма төрткүлі қабырғасының қалыңдығы 3 м екендігі анықталды. Ақарық төрткүлінің ішкі бөлігіне жүргізілген траншеялы қазбадан сыртқы қабырғасына қарама-қарсы жатқан қабырға мен тұрғын бөлме қалдықтары шықты.

Төрткүлдердің қабырғаларының биік және қалың келгенімен, бірқатарының ішінен мәдени қабаттар байқалмаса, келесі бір төрткүлдердің ішкі бөлігі қабырға сыртына қарағанда биік, яғни мәдени қабаты бар екендігі байқалады. Ішкі бөліктеріндегі мәдени қабаттарын анықтау мақсатында бір топ төрткүлдердің ішкі бөлігіндегі мәдени қабаттарына шурф жұмыстары жүргізілді. Олар: Наурызбас, Шайдана-2, Аса, Кіші Аса-2, Саза, Құмсуат төрткүлдері. Нәтижесінде Наурызбас, Шайдана-2, Саза төрткүлдерінің мәдени қабаты 1,5 м төңірегінде екендігі, Кіші Аса-2 төрткүлінің мәдени қабаты 0,7 м шамасында, Аса төрткүлінің мәдени қабаты 0,5 м, ал Құмсуат төрткүлінің ішінде мәдени қабат жоқ екендігі белгілі болды.

Қорытындылай келсек, жүргізілген далалық зерттеу жұмыстарында төрткүлдердің әртүрлі болып келетіндігі, жалпы жоспарланулары көбінде ұқсас бо-

лып келгенімен, орналасуларында, қабырғаларының бағытталуы мен жер жағдайына қарай жайғасуында, қабырға бойы мен бұрыштарындағы мұнаралары және қақпаларының жақтауындағы мұнара қалдықтарының орналасуында, қабырғаларының биіктігі мен жалпақтықтарында, ішкі және сыртқы бөліктеріндегі мәдени қабаттарының деңгейінде айырмашылықтардың бары анықталды. Бірқатар төрткүлдер үлкен ортағасырлық ескерткіштердің аралығында орналасса, келесі біреулері тізбек құра, тағы біреулері үлкен ескерткіштердің маңайына, тіпті бірқатары бір жерге шоғырлана орналасқан. Жеке дара қорғаныс ретінде орналасқан төрткүлдерде кездеседі. Дегенмен, төрткүлдердің барлығы дерлік су көздеріне: бұлақ, жылға, өзен, арық және арналардан алыс емес жерге қоныстанған.

Табылған материалдарға салыстырмалы талдау жұмыстары мен алынған үлгілерге жүргізілген пәнаралық зерттеу нәтижелері төрткүлдердің басым бөлігі X–XII ғғ. аралығындағы уақыттарда өмір сүргендігін көрсетті. Келешекте төрткүлдерге кең көлемді зерттеулер жүргізу орта ғасырлардағы қалалық мәдениет туралы мәліметтер базасын қордаландыра түсетіні анық.

ӘДЕБИЕТ

Ақымбек Е.Ш., Шағырбаев М.С., Нұрғали Н.Б. 2021 ж. Талас өңіріндегі ортағасырлық төрткүлдерге жүргізілген далалық зерттеулер // Марғұлан оқулары–2022: халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары (Алматы қ., 12–13 сәуір 2022 ж.). Алматы: Ә.Х. Марғұлан ат. Археология институты, 2022. 255–261-бб.

Ақылбек С., Құдабаев Ш. Төрткүл бекінісі // Жамбыл облысы тарих және мәдениет ескерткіштерінің Жинағы. Байзақ ауданы. Алматы: Археологическая экспертиза, 2010. 204 б.

Алипчеев С., Байбосынов К. Укрепление // Свод памятников истории и культуры Джамбулской области. Джамбул: Обл-типография, 1982. 208 с.

Байбосынов К. Бекініс // Қазақстан Республикасының тарихи және мәдени ескерткіштер жинағы. Жамбыл облысы. Алматы: РГП «НИПИ ПМК», 2002. Т. 2. 164 б.

REFERENCES

Akymbek, Y. S., Shagirbayev, M. S., Nurghali, N. B. 2022. In: Onggaruly, A., Mamirov, T. B. (eds.). *Margulan oqylary–2022 (Margulan Readings – 2022).* Almaty: Margulan Institute of Archaeology, 255–261 (in Kazakh).

Akylbek, S., Kudabaev, S. 2010. *In: Zhambyl oblysy tarıkh jane madenıet eskertkishterinın jınagy. Baızak audany (The official list of historical and cultural monuments of Zhambyl region. Baizak district).* Almaty: Archaeological Expertise, 204 (in Kazakh).

Alipcheev, S., Baybosynov, K. 1982. *Ukreplenie (Fortification)*. Jambyl: “Obl-tipografiya” Publ. (in Kazakh).

Baibosynov, K. 2002. *Bekinis (Fortress).* Vol. 2. Almaty: Research and design institute of material culture (in Kazakh).

Мүдделер қақтығысы туралы ақпаратты ашу. Авторлар мүдделер қақтығысының жоқтығын мәлімдейді. / Раскрытие информации о конфликте интересов. Авторы заявляют об отсутствии конфликта интересов. / Disclosure of conflict of interest information. The authors claim no conflict of interest.
Мақала туралы ақпарат / Информация о статье / Information about the article.
Редакцияға түсті / Поступила в редакцию / Entered the editorial office: 27.03.2023.
Жариялауға қабылданды / Принята к публикации / Accepted for publication: 27.04.2023.
Авторлар жұмысқа бірдей үлес қосты. / Авторы внесли равноценный вклад в работу. / The authors have made an equal contribution to the work.